



ХҒТАР 19.21.07
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-150-1-30-41>

Қазіргі әлеуметтік желідегі тілдің қолданысы: неологизмдер және қарапайым лексика

К.Т. Кушкинбаева*^{ip}, Ғ.М. Ақсейіт^{ip}, А.М. Шурентаев^{ip}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

(E-mail: karliga85@mail.ru)

Аңдатпа. Қазақ тілінің дамуын, қолданысын, мәдениеттілігін жетілдіру тек тіл мамандарына ғана артылған жауапкершілік емес, ана тілін пайдаланушы қалың жұрттың, оның ішінде оқу-ағарту саласындағы ұстаздарға, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне де артылған жүк. Өйткені бұқаралық ақпарат құралдарының ұлт тілінің қоғамда қолдануына ықпалы өте зор. Сонымен қатар қоғамның санасына ерекше әсер ететін әлеуметтік желіде қолданылатын лексикаға, тіл мәдениетіне де жете назар аудару қажет. Тіл мәдениеті көптеген ғылыми-практикалық мәселелерден тұрады, кірме сөздер, қарапайым сөздер лексикалық қорды молайтады, бірақ оның кері әсерлері де жоқ емес, қателіктерді ғана көрсетіп қоймай, тілдік жүйеге, тілдік нормаға сай қалыптасқанын айқындау қажет. Бүгінгі таңда медиада дәрежі пікір мен дәрежі сөз белең алғанын байқаймыз. Тілді эстетикалық құрал ретінде қарай отырып, адамдардың қарым-қатынас жасауда бір-біріне ілтипатпен, жақсы ниетпен сөйлесуінің өзі мәдениеттің нышаны. Қазіргі дамыған заманда әлеуметтік желіні қолданушылар саны артып келеді. Техниканың дамыған заманында кірме сөздердің, терминдердің қолданысы артуда. Бұл мақалада әлеуметтік желідегі лексиканың қолданысы жан-жақты қарастырылады. Сонымен қатар ортаңғы буын мен жастардың көп қолданатын instagram парақшасындағы (ауызекі сөйлеу тілі): дисфемизм, жаргон, табу, эвфемизм, диалект және варваризм сөздерінің қолданысынанықтап, талдау жасау.

Түйін сөздер: лексика, кірме сөздер, жастар тілі, интернет тілі, варваризм, жаргон, әлеуметтік желі.

Кіріспе

Қазір әлемде 8,01 млрд. адам бар. Олардың 57%-і урбанизацияға негізделген, 5,44 млрд. адам тұрақты түрде мобильді телефондарды пайдаланады, 5,16 млрд. адам интернет тұтынса, 4,76 млрд. адам белсенді түрде әлеуметтік желіні пайдаланады. Қазақстандағы көрсеткіш де жыл санап өсіп келеді [1]. Ал әлеуметтік желіні пайдаланушылардың саны артқан сайын тілді дұрыс қолданбау өрістеп, қолданушылардың сауат деңгейі төмендей басталғаны байқалады.

Жалпы лексика саласындағы тілдік нормалар үш салаға бөлінеді: бірінде жалпы жазба әдеби тілдік сөз нормаларын, екіншісінде ауызекі сөйлеу тілінің нормасын, үшіншісінде сөздердің қолданыстағы нормаларын талдап, таныту керек болады.

Тілдің лексикалық қазынасы ғасырлар бойы қалыптасып, адамдардың қатынасы және эстетикалық құралы болып қызмет ететін, әлеуметтік талғамнан өткен сөздер тобы әдеби нормасы болып танылады [2, 116 б.].

Лексика – тілдегі барлық сөзқоры. Адамдардың күнделікті қарым-қатынасында, қызмет бабында стильдік бояуы әр түрлі сөздердің қай-қайсысы да жалпы айтылады. Қолдану аясына қарай көбіне-көп сөйлеу стиліне, яғни сөйлеу тілі лексикасына тән сөздерге диалектизмдер, қарапайым сөздер, дөрекі элементтер, жаргон, табу, эвфемизм, диалект сөздер, варваризмдер т.б. жатқыза аламыз. Осы сияқты сөздер әдеби лексикалық құрамнан тыс тұрады, бірақ бұлар ауызекі сөйлеу нормасынан орын ала алады [3, 50 б.].

Негізгі мақсатымыз ортаңғы буын мен жастардың көп қолданатын қазіргі Instagram парақшасындағы қарапайым лексика: дисфемизмдердің (какофемизмдер), жаргон, табу, эвфемизм, диалект сөздер, варваризм сөздерінің жұмсалып жолдарына назар аудару, саралау, талдау жүргізу. Жастар тіліндегі сленг пен жаргонға мән беру.

Әдіснама

Мақалада ауызекі сөйлеу тіліне тән кірме сөздердің қолданысы қарастырылады. Лексиканың әлеуметтік желіде, қарапайым қарым-қатынаста қолдану ерекшеліктеріне контенттік, құрылымдық, семантикалық талдау жасай отырып, психолингвистикалық әдіс қолданысы арқылы әлеуметтік желінің адам өміріне әсерін сараптау, зерделеу. Теориялық негіз ретінде отандық ғалымдар Ш.Құрманбайұлы, М.Балақаев, Е.Жанпейісов, Р.Сыздық және т.б. еңбектері алынды.

Жалпы қарапайым сөздер тек қазақ тіл білімінде ғана емес, қай тілде болмасын күрделі құбылыс болып келеді. Қарапайым сөздер ретінде танылатын тілдік бірліктердің мына секілді бірнеше белгілерін көрсетуге болады: 1) сөйлеу тілі элементі; 2) әдеби нормадан тыс тұрған тұлғалар; 3) әдеби эквиваленттері болуы шарт; 4) қарапайым сөздерді жалпы халық қолданады; 5) басым көпшілігі тұрпайы әрі экспрессивті-эмоционалды реңкі бар және бағалауыштық қасиетке ие болған сөздер; 6) стильдік мәні – бір нәрсенің бағасын төмендету, құнын түсіру яғни төменгі стиль дәрежесін туғызу. Міне, осы сияқты қасиеттері бар сөйлеу тілі элементтерін қарапайым сөз ретінде тануға болады.

Талдаулар мен нәтижелер

Қарапайым сөздерді нақты бөліп көрсету үшін де, оның табиғатын анықтау үшін де, алдымен сөз болып отырған тілдің әдеби нормасы мен ауызекі сөйлеу тілі нормаларының шекараларын сенімді түрде ажырата алған жөн. Қарапайым сөздерді тануда, негізінен әдеби тіл нормасымен салыстыру арқылы ажыратылады. Айталық, оттама, былшылдама, сандаламат.б. сөйлеу тілі элементтерінің бірі – қарапайым сөздер ретінде қарастырғанда, оның әдеби тіл нормасына («сөйлеме», «тыныш отыр», «аузыңа ие бол») сай, эквиваленттерінің болуымен салыстыру арқылы анықталады.

Kaz.tengrinews парақшасында «М. Әдиевтің ұлттық құрамадан кетуін талап етті» деген жаңалық жарияланған. Оған 56 пікір жазылған, оның ішінде жетеуі дисфемизм түрінде жазылған. Мысалы: «жапшы аузыңды», «аурусың ба?», «аурулар», «оттай беретін болды ғой бұл да», «қуыршақ депутат», «мал», «әміржан зайцев сауатсыз екі жүзді мемлекет қуыршағы» (осы және басқа да әлеуметтік желі қолданушыларының пікірлерінің орфографиясы сақталған).

Осы парақшадағы көбірек пікір жазуға себепші болған келесі жаңалық – «Алматыда ер адам күзетшіні көлікпен әдейі бірнеше рет қағып, басынан тепкен» атты жарияланым. Бұл жарияланым барлығы 259 пікір қалдырған, соның 84-і дисфемизмді қолданған. Алдыңғы пікірлердегідей көбісі зооморфты инвективалар мен дисфемизм сөздерді құрайды: «Оңбаған отыз жыл берсін, ләгнетке хайуан», «Мынау нағыз мал екен ғой», «Атып тастау керек бұндай малдарды», «Жалмауыз екен мынау», «Қазақ па мынау малғұн», «Ауру анау психикасы 100% какпайдыгой» т.б. [4, 122 б.].

Қылмысқа барып тұрғанды жөн деп айта алмаймыз, бірақ, дөрекі пікір жазып отырғандардың мәдениеттілігінің қандай екенін көре аламыз. Пікір жазуға болады екен деп жеке адамның ар-намысына, тұлғалық болмысына, қызметіне тіл тигізбеуді ескерген жөн болар. Пікір жазғысы келсе мәдениеттіліктен, этикадан аттап өтпей, мәдени лексиканы қалыптастыру керек.

Табу мен эвфемизмдер сөйлеу тілі стилінде көбірек қолданылады. Instagram желісін оқи отырып, табу, эвфемизм сөздерді көбірек кездестіруге болады. Сөйлеу тілі лексикасына стильдік бояуы жағынан табу сөздер мен эвфемизмдер де жатады. Табу, эвфемизм – бір-біріне мағыналары жақын, мәндес терминдер. Әлдебір, діни нанымға, ескі әдет-ғұрыпқа байланысты айтуға болмайтын, сондай-ақ цензуралық ретпен де қолдануға тыйым салынған сөздерді табу (эвфемизм) деп атайды.

Қазіргі таңда эфемизм қоланысы азайған сияқты. Оған мысал, бұрын «найзағай» сөзін «жасыл» десе, ол қазір қоланыстан шығып қалды. Тура мағынасында «найзағай» деп айтылып жүр. Теңеу тек әдет-ғұрыпқа қатысты қолданылып жүр. Қолданыста қалған теңеу сөздер келін ата-енесінің, бабаларының не қайынағаларының атын атамай, сыйластық пен еркелікке сай ат қойылуын айтамыз. Жаппай қолданысқа ие болмаса да, теңеудің сақталған түрі. Ертеректе олармен аттас басқа да түрлі заттарды тұспалдап, басқаша айтқан.

Бүгінгі таңда медиа әлеміндегі өзгерістердің өте жылдам болып жатқанын көріп отырмыз. Заманауи цифрлық технологиялар ақпарат нарығына тереңдей еніп кетті.

Соңғы 25-30 жылда интернеттің кеңінен қанат жайып, цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы ақпараттық кеңістікке үлкен өзгерістер әкеледі [5, 11 б.].

Instagram желісінде жиі қолданылатын сөздер: «Жәкең», «Ақ патша», «Сұлтаным», «Патшам», «Қайрош», «Гүлеке», «Мой краш», «Жәннатым», «Жапырағым», «Құлыным Қамбарым», «Қоңыр Қозым», «Еркем», «Балапаным», «Ботақан», «Құлыншағым», «Жарқыным», «Сәулемім», т.б. жасы үлкенді сыйлап, күйеулерінің атын атамай, балаларында еркелете атауын кездестіреміз. Осы жерде «Мой краш» деген сөз «Ұнатқаным» деген мағынада, сөз арасында қазақша айтуға болатын, бірақ басқа тілде қолдануына байланысты ғылыми тұрғыдан варваризм қатарына жатқызамыз. Яғни, бұл тіл тазалығын бұзады.

Alash_news – instagram парақшасында «Біздің сымбатты краш Президент»: Тоқаевтың 20 стилисті бар екен» атты жарияланыматауын алсақ, «краш» сөзі қосылған. Мазмұны- нынан бірнеше варваризмдерді кездестіреміз: «мнениесін айта алады», «өз идеясымен», «протоколдарға сай». Осы парақшада «Әркімнің өз «крашы» бар: кішкентай бүлдіршіннің бұл әрекетін ешкім күтпеді» - деген атауда «краш» сөзі ерекшеленіп, тағы қолданысқа ие болып отыр [6].

Сонымен қатар желіде өз оқырмандарына «Ағайын», «Халқым», «Достарым», «Дәулетті оқырманым», «Роднойларым», «Жақсыларым», «Жақындарым», «Оқырмандарым» т.б. адамның көңіліне жылы естілетін, әрі қаратпа мағынасында жазылған сөздердің барын аңғарамыз. Бұл жерде «Роднойларым» сөзі де варваризмге жатады. Өздерін лақап атпен танытатын блогерлер де бар. Олар: «Колобок», «Женушка колобока», «NNN», «Дарикорн», «Сека вайнер», т.б. Ономастика саласы бойынша қоғам өзгеруіне қарай антропонимдер де әр қилы қойылып келеді.

Күнделікті қарым-қатынаста, әлеуметтік желіде жастар арасында варваризмдер көптеп ұшырасады. Варваризмдер (грек. barbarismos – бөтен елдік) – сөйлеу не жазу кезінде орынсыз қолданылған басқа тілден енген сөздер. Тілалалық байланыс мәселелерімен шұғылданып жүрген ғалымдар арасында орыс, ағылшын сөздерінің ана тілімізге енуін сол сөздердің немесе сөз тіркестерінің экспрессивті күшінде, яғни олардың ана тілі сөздеріне қарағанда ұтымдылығында деген пікір бар. Мысалы, жастар ішінде Instagram парақшаларында қазақша сөйлемар асында «всё-таки», «до и после», «как всегда», «дальше», «больше», «идеально», «наконецта», «за то», «завис», «загрузка», «история», «ава» т.б. варваризмдерді оқимыз, естиміз.

Варваризмдерді көркем шығармаларда, ақындар айтысында кезіктіріп жатамыз. Бірақ, қазіргі жастар сияқты бірыңғай қолданысқа енгізбеу керек. Әлеуметтік желі парақшасынан жастар тілінің өзіндік стилін байқаймыз. Шет тілдерінің сөздерін қолдану, оларды қысқартып айту кездеседі. Қазір мессенджерлерде жиі сөйлесетін болғандықтан, ұзақ жазуға ерініп, сөзді қысқартып жазу сәнге айналған.

№	Сөздер	Мағынасы, қолданылуы
1	Жиза	орысша «жизнь», яғни «өмір» деген сөздің қысқарған түрі
2	Изи	ағылшынша «easy» деген сөзді оқылуы бойынша қолдану, аудармасы «оңай» дегенді білдіреді

3	Краш	ағылшынның crush деген сөзінен шыққан. Біреуді сыртынан ұнату, жауапсыз жақсы көру
4	Хейт	біреуді ашықтан-ашық ұнатпау, оның қаншалық жаман, нашар екенін ауызша немесе жазбаша хабарлау
5	Сорян	«sorry» сөзінің қысқартылған нұсқасы
6	Ауф	керемет
7	Рили	ағылшынның «really» деген сөзінен шыққан, «Шынымен, расында» деген сөздердің орнына қолданылады
8	Гоу	ағылшынның «go» деген сөзі, «кеттік» деген мағынада қолданылады. Бұл сленгін қолданатындар «гоу» дегеннің өзін ұзақ көріп, оны «го» деп жазады
9	Олд	ағылшынның «old» (кәрі) деген сөзінен шыққан
10	Инсайд	ағылшынның «inside» (ішкі) деген сөзінен шыққан
11	Флекс	икемді, «flex» - бұгу, майыстыру
12	Шарить	бір нәрсені түсінуді білдіреді
13	Ботан	зерделі адам
14	Тормоз ұстау	бөгеліп қалу
15	Типаж болу	өзімшіл, өркөкірек
16	Косыққа кіру	ыңғайсыздыққа тап болу
17	Құлаққа лапша ілу	өтірік соғу
18	Маяк тастау	қысқаша қоңырау шалу
19	Дорама	сериал, корей тілінен енген
20	Капустаға қарау	материалдық жағдайын қарау
21	ЛП	орысша «лучшая подруга» дегеннің қысқартылған нұсқасы
22	МЧ	қыздың кездесіп жүрген жігіті (молодой человек)
23	ЛЧ	сүйікті адам (любимый человек)

Кесте 1 Жастар арасындағы жиі қолданылатын сленгтер

Ескертпе: [7] деректер негізінде құрастырылған.

Осы кестедегі сияқты сөздерді әлеуметтік желілерден көз шалады және естиміз. Бүгінде жастар ғана емес халықтың көпшілігі әлеуметтік желілерді қолданады. Жастар тіліне жаргон, сленг сөздер ретінде ағылшын, корей сөздері өте жиі қолданыста екенін аңғарамыз. Осы желілер арқылы шетел сөздері де тілімізге енуде: Instagram, account, megabait, challenge, snapchat, facebook, blog деген сөздер легін тізе беруге болады. Кейбір сөздердің қазақша баламасы бола тұра баспасөз беттерінде қазақшасынан гөрі ағылшыншасы жиі қолданылады, айталық, «account» сөзін «парақша», «Internet» сөзі «интернет» деп аударылса да, өзге тілдегі нұсқасын жиі қолданады. Зат атауларын неғұрлым қазақ тіліндегі баламасын қолданып, қазақ тілі заңдылығына орай өзгерте қолдаған дұрыс болар еді. Негізінен жаңа сөздердің пайда болуы біздің сөздік қорымызды

байытады, дегенмен, кірме сөздердің көптігі тілімізді шұбарлап, бірегей табиғи қалпына нұсқан келтіріп, әдеби сұлулықты, тіліміздің тазалығын жояды [8].

Ал әлеуметтік тұрмысымызда экономика саласының инвестиция, маркетинг, менеджер, босс, шеф сөздерін қолдануға мәжбүр болсақ, осы салада дилер, брокер, дефолт, прайс-лист сөздері кәсіби терминге айналғанын аңғару қиын емес. Жастар арасындағы жаргон, сленг сөздерді қоспағанның өзінде қазақ тіліне енген ағылшын сөздерінің бейнесі осындай.

Жарнама тіліне талдау жасар болсақ, ағылшын тілінен енген сөздер едәуір. Мысалы стимер, ростер, триммер, снукер, пул, сквош т.б. сөздер. Жарнама арқылы күнделікті тұрмыстағы зат атаулары да ағылшын тілінен тікелей алынып жатыр. Заттардың атаулары ағылшын тілінде беріледі: лифтинг, скраб, пиллинг т.б. сол сияқты косметика атаулары да өзгеріссіз ағылшын тіліндегі қалпында қолданылып жүр.

Заман ағымына байланысты жаңа мамандық атаулары да кірме сөздерден тұрады. Мысалы: SMM, таргетолог, медиатор, бизнесвумен, HR, репетитор, хакер, папарации, брокер, телесуфлер, инвестор, дилер, дистрибьютор, фриланс /фрилансер, стилист (стильші)копирайтер, аниматор, модератор, супервайзер, логистика, барбер, диктор, веб-дизайнер, бармен, амбассадор, промоутер, дауншифтер, риэлтор имиджмейкер, спикер. Біздің елде бұл сөздер күнделікті өмірде қолданыс тауып, біздің өмірімізге тән сөздерге айналды [8].

Хит, тренд, лук, майкап, airpods, getcourse, гив, марафон, фан, батл, репост, пост, история терминдік сөздерін сөз арасына қосып айтып жатамыз. Бұл сөздерді баламалап айтуға болады, баламасы бар сөздер қатары болса да қазақша нұсқасын сирек естиміз. Жастарға, желі қолданушыларына осылай қолданған тиімді, түсініктірек көрінеді. Оларды былай жіктесек болады:

- Білім саласына қатысты: *курс, тренинг, getcourse, модератор, эфир, т.б.;*
- Сауда-саттыққа, кәсіп саласына байланысты: *маркетолог, таргет, дисижнмейкер, краудшиппинг, маркетингтік лид;*
- Блогер, жұлдыздар арасында: *марафон, фан, батл, репост, хит, тренд, т.б. сөздер қолданысқа ие.*

Шыны керек, қазіргі таңда әлемдік тілдердің, әсіресе, ағылшын тілінің қарқынды дамуы көптеген халықтардың тілдік ортасын тарылтуда. Тіпті, әлемде өз ана тілін жөнді білмейтін, есесіне ағылшынша жетік білетін адамдар саны артып келеді. Бұл үрдіс соңғы кездері Қазақстан қоғамында да байқала бастады. Мәселен, мектепке дейінгі немесе орта білімді орыс және ағылшын тілдерінде алған жастардың кейбірі қазақ тілінде сөйлей алмайды. Осы ретте олардың лексикалық қорында төл сөздерге қарағанда кірме сөздер көптеп кездеседі. Сәйкесінше, мұндай адамдар өзінің ұлттық тілдік-коммуникативтік кеңістігінде шетелдік адамның күйін кешіп, бойына өзінің ұлттық мәдениетіне қарағанда өзі жетік білетін тілдің мәдениетін сіңіріп, осылайша қазақ тілдік ортасына шетел сөздерін күнделікті тасымалдаушы рөлін атқара бастайды. Тіл білмейтін адамдардың қатары артқан сайын қазақ тілінің қолданыс аясы тарылып, ұлттық тілдік ортаның дағдарысы арта береді. Себебі, қазақ тілін білмейтін қандастарымыз қазақ тілін білетін отандастарымызбен коммуникацияда өзге тілді қолданып, әңгімелесушінің қазақ тілін қолдануына кедергі жасайды.

Айталық, жас буын өкілдері ағылшынның «respect» – «құрмет», француздың «situation» – «жағдай», ағылшынның «club» – «клуб», «night club» – «түнгі клуб», «hall» – «зал» т.б. сөздерінің қазақша баламасы болса да, оларды шетелдік нұсқасымен айту сөнге айналып барады. Ағылшын сөздерінің айтылуына қарсы емеспіз, тек оларды әркім өз бетінше, қалай болса, солай қолданып, көбінесе орысша дыбыстап, ана тіліміздің табиғатына нұқсан келтіретіні ойға қалдырады [9, 114 б.].

Келесі Instagram-да кезіктіретін лексикамыз, ол – диалект сөздер. Диалект – аумақтық немесе әлеуметтік жағынан біріктірілген, шоғырланып орналасқан ұжымның тілдік қарым-қатынас жасауының негізгі құралы болып табылатын тіл. Аумақтық диалект – аумақтық жағынан шектелген және әдеби тілмен қатар қолданылатын тіл; ол тек ауызша нысанда ғана болады; қатаң нормалары жоқ; стильдік тармақтары да сараланбаған. Әлеуметтік диалект – әлеуметтік немесе кәсіби жағынан топтасқан ұжымның тілдік қарым-қатынас құралы болып табылатын тіл. Фонетикалық, грамматикалық құрылымы жағынан әдеби тілден соншалықты айырмашылықтары жоқ, әлеуметтік тіл негізінен лексика, семантика, фразеология бойынша айырмаланады.

Әлеуметтік желіден диалект сөздерді кездестірдік. Доп – мәшік – мячик, әрең дегенде – шаққа, үлкен – әйдік, кішкентай – кіттәй, сурет – сүгірет, қарбыз – дарбыз, қауыншек – қақ, т.б. сөздер айтылады екен. Осындай жергілікті халық тілінде ғана қолданылатын, белгілі аймақ көлемінде ғана айтылатын сөздерді диалектизмдер дейді.

Қандай қоғамдық құрылыс, саяси жүйеде болсын, оның даму тарихында бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі өте зор. Қоғамдық-саяси, мәдени өмірімізде болып жатқан өзгерістер тіл арқылы баспасөзде көрініп жатады [10, 185 б.].

Көбіне ақпаратты әлеуметтік желіден аламыз. Соңғы жылдардағы көптеген табиғи төтенше жағдайлар мен адам қолымен жасалған апаттар және қоғамдағы тартыстар бірден әлеуметтік медиада көрініс табады. Цифрлық және әлеуметтік медиа бұқаралық ақпарат құралдарын демократияландыру, белсенділігін арттырады десе, екіншілері медианың сапасын төмендетті деп есептейді [11, 106 б.]. Әлеуметтік желілерсіз негізгі қоғамдық іс-шараларды елестете алмайтын болдық. Аз уақыттың ішінде әлеуметтік желілерде бірнеше жарияланымдар шығады, ол тек қызығушылық танытып қоймай, бүкіл әлемде жеке тұлғалар мен ұйымдар үшін қажеттілікке айналған.

Сонымен қатар қазіргі қоғамда күйзеліс күнделікті өмірімізде кең таралған құбылыс ретінде анықталып отыр. Шынында да, цифрлық платформалар мен әлеуметтік медиа арқылы таратылатын ақпарат қоғамға әсер етуде. Дегенмен, адамдардың күйзелісі мен психикалық жағдайын түсіну қиын. Мәселен, Қытай ғалымдары жасанды интеллект технологиялары негізінде әлеуметтік желілердің адам күйзелісіне әсерін анықтау мақсатында арнайы зерттеу жүргізген. Нәтижесінде, адам күйзелісіне әсер ететін сөз қорын анықтаған [12]. Біздің зерттеуіміз де осы мәселеге бағытталған болатын. Сыртқы қоғам пікірі адам өміріне түрлі күйзелістің салдарын тудырады. Өйткені, әлеуметтік желілердің дамуына адамдардың бір-бірімен салыстыру белгілері айқын байқалада. Нәтижесінде, күнделікті салыстырудың салдарынан жоғары күйзелістің көрсеткіші анықталған.

Қорытынды

2021 жылы ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Шерубай Құрманбайұлының жетекшілігімен «СӨЗТҮЗЕР. Қате қолданыстар сөздігі» кітабы жарыққа шықты. Ғалымдар республикалық телеарналар мен радиоларды, газеттер мен сайттарды бақылап, қате қолданылған 3,5 мың сөз бен сөз тіркесін анықтаған және 2 мыңнан астам мысал жинақталған. Әсіресе журналистер аудармаға негізделген жаттанды тіркестерді көп қолданып, сөздердің орын тәртібін сақтамайды. Кітапта осы қате сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс нұсқасы ұсынылған [13]. Міне, тура осындай сөздік әлеуметтік желідегі сауатты лексиканың қолданысы мен тіл мәдениетіне де ауадай қажет.

Ғалым Р. Сыздықованың тұжырымы бойынша лексикалық құрамның толығыуына себепкер болатын факторларды алдық: 1) тілдің өзіне тән ішкі даму заңдары: сөз мағынасының кеңеюі, әр затты, әр құбылысты, әр ұғымды даралап жеке – жеке атау қажеті; 2) экстралингвистикалық факторлар: термин жасау процесі, аударма әдебиетінің дамуы, бұқаралық ақпарат құралдарының жаңа түрлерінің дамуы, қоғам өміріндегі саяси-мәдени өзгерістер, ғылыми-техникалық революция [2, 119 б.].

Қазіргі кезде термин жасау процесі, аударма әдебиетінің дамуы баяу, қазіргі заманғы қарқынға үлгіру де қиынға соғатын болар, соған байланысты бұқаралық ақпарат құралдарының жаңа түрлерінің дамуы, қоғам өміріндегі саяси-мәдени өзгерістер, ғылыми-техникалық жаңашылдықтың себептерінен жаңа сөздер, терминдер бірден сіңісіп кетіп жатыр.

Әлеуметтік желідегі табу, эвфемизм, диалект сөздердің көптеп қолданылуы тіліміздің сөздік қорын байыта түсері сөзсіз. Бірақ, тілді таза күйінде қолданған жөн. Соның ішінде варваризмдерді қолданбау қажет. Цифрлық технологиялар белең алып тұрған заманда ақпарат кеңістігінде таралатын мәліметтердегі лексиканың әр қилы келуі көп кездеседі, терминдердің қолданысы маңызды орын алып тұр.

Авторлардың қосқан үлесі.

Кушкинбаева К.Т. – зерттеу сұрақтарын тұжырымдау, әдістемені таңдау, деректерін жинау және талдау, деректерді визуализациялау.

Ақсейіт Ғ.М. – зерттеу тобының үйлестірушісі, қатысушыларды әкімшілендіру.

Шурентаев А.М. – әдебиетке шолу, материалды ұйымдастыру және құрылымдау, мәтінді редакциялау, редакциямен хат алмасу.

Әдебиеттер тізімі

1. Әшірбекова Г., Берекетова А., Жақсылық А. Әлеуметтік желілердің қоғамдық санаға әсері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Журналистика сериясы. – 2024. – №2(147). – Б.8-24.

2. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы(кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіресі, 2014. – 292 б.

3. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: 1974. – 264 б.

4. Меттибаева С.А., Досымбекова Р.О. Әлеуметтік желідегі инвективті лексика// Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Филология сериясы. – 2024. – №2(147). – Б. 117-126.
5. Тілеубай Т. Цифрлық жолайрық: Қазақстан газеттерінің бүгіні мен ертеңі. – Алматы: «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2022. – Б. 204.
6. Alash_news – instagram парақшасында «Біздің сымбатты краш Президент»: Тоқаевтың 20 стилисті бар екен». [Электронды ресурсы] URL: https://www.instagram.com/reel/DDyoHIvt7n_/?igsh=NDh2ZjlkaWd0amJv(қаралған күні: 06.11.2024).
7. Ағылшынша-қазақша, қазақша-ағылшынша сөздік. – Алматы: Дайк-пресс, 2008. – Б. 434.
8. Алшабаева Ә.Б. Қазіргі қоданыстағы ағылшын тілінен енген терминдер сипаты. [Электронды ресурсы] URL: <https://termincom.kz/articles/?id=161> (қаралған күні: 20.10.2024).
9. Досжан Г. Кірме сөз мәселелерін зерттеудегі интегративтеу тәсілдер. // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ХАБАРШЫСЫ. Филология сериясы. – 2019. – №4(129).– Б. 108-118.
10. Bylieva D., Nordmann A. Technology, Innovation and Creativity in the Digital Society.XXI Professional Culture of the Specialist of the Future. – 2017. – Springer. – P.1003.
11. Жейсон Б., Никола Г., Тайнан Л. Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – Б. 592.
12. Zheng T., Guo Y., Hong R. Cascade Large Language Model via In-Context Learning for Depression Detection on Chinese Social Media // Lecture Notes in Computer Science (including subseries Lecture Notes in Artificial Intelligence and Lecture Notes in Bioinformatics). [Электронды ресурсы] – 2024. URL:<https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85209590122&origin=resultslist&sort=plf-f&src=s&sot=b&sdt=b&s=TITLE-ABS-KEY%28Language+in+modern+social+networks%29&sessionSearchId=96ee487ea35f52c46e5df5b3d1d4b2a6&relpos=1> (қаралған күні: 10.11.2024).
13. Құрманбайұлы Ш., Жақыпов Ж., Ермакова Т., Жұбаева О., Сүйерқұл Б., Қожабек Н., Әлменбет А. СӨЗТҮЗЕР (Қате қолданыстар сөздігі).– Астана: Zerde Publishing, 2022. – Б. 406.

К.Т. Кушкинбаева, Ғ.М. Ақсейіт, А.М. Шурентаев

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Использование языка в современных социальных сетях: неологизмы и простая лексика

Аннотация. Совершенствование и развитие культуры использования казахского языка является задачей не только для лингвистов, но и для людей, использующих родной язык, в том числе преподавателей в сфере образования, а также представителей средств массовой информации. Так как средства массовой информации оказывают большое влияние на использование языка в обществе. При этом особое внимание необходимо

уделить культуре и лексике использования языка в социальных сетях, которые оказывают особое влияние на сознание общества. Культура языка состоит из множества научных и практических вопросов, но при этом отсутствуют негативные последствия. Также необходимо не только определять ошибки, но и соблюдать языковые нормы, установленные в соответствии с языковой системой. Сегодня мы видим много грубых комментариев и оскорбительных выражений в СМИ. Символом культуры является то, что люди разговаривают друг с другом с любовью и добрыми намерениями в общении, рассматривая язык как эстетический инструмент. Сегодня количество пользователей социальных сетей увеличивается. В развитом мире технологий использование заимствованных слов и терминов тоже растет. В этой статье представлен всесторонний анализ на использование лексики в социальных сетях. При этом на конкретных примерах с сети Instagram, которой широко пользуется среднее поколение и молодежь, анализируется простая лексика: грубые элементы, жаргонизм, эвфемизмы, диалекты и варваризмы.

Ключевые слова: лексика, заимствованные слова, язык молодежи, язык интернета, варваризм, жаргон, социальные сети.

K.T. Kushkinbayeva, G.M. Akseit, A.M. Shurentayev
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Language Use in Modern Social Media: New Words and Simple Vocabulary

Abstract. Improving and developing the culture of using the Kazakh language is a task not only for linguists, but also for people who use their native language, including teachers in the field of education, as well as representatives of the media. Because the mass media have a great influence on the use of language in society. At the same time, special attention should be paid to the culture and vocabulary of language use in social networks, which have a special impact on the consciousness of society. The culture of language consists of many scientific and practical issues, but there are no negative consequences. It is also necessary not only to identify errors, but also to observe the language norms established in accordance with the language system. Today we see a lot of rude comments and offensive expressions in the media. The symbol of culture is that people talk to each other with love and good intentions in communication, considering language as an aesthetic tool. Today, the number of social media users is increasing. In the developed world of technology, the use of borrowed words and terms is also growing. This article provides a comprehensive analysis on the use of vocabulary in social media. At the same time, using specific examples from the Instagram network, which is widely used by the middle generation and young people, simple vocabulary is analyzed: rude elements, jargon, euphemisms, dialects and barbarisms.

Keywords: vocabulary, borrowed words, the language of youth, the language of the Internet, barbarism, jargon, social networks.

References

1. Ashirbekova G., Bereketova A., Zhaksylyk A. Aleumettik zhelilerdin kogamdyk sanaga aseri [The influence of social networks on public consciousness] // L.N. Gumilev atyndagy Eurazija ulttyk universitetinin HABARShYSY. Zhurnalistika serijasy. [Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Journalism series]. 2. 8-24(2024). [in Kazakh].
2. Syzdykova R. Tildik norma zhane onyn kalyptanuy(kodifikacijasy). Koptomdyk shygarmalar zhinagy. [The linguistic norm and its normalization (codification). Collection of multi-volume works]. (Almaty, 2014, 292 p). [in Kazakh].
3. Balakaev M., Zhanpeisov E., Tomanov M., Manasbaev B. Kazak tilininstilistikasy. [The style of the Kazakh language]. (Almaty, 1974, 264 p). [in Kazakh].
4. Mettibaeva S.A., Dosymbekova R.O. Aleumettik zhelidegi invektivti leksika [Invective vocabulary in social networks]. // L.N. Gumilev atyndagy Eurazija ulttyk universitetiniñ HABARShYSY. Filologija serijasy. [Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philological series]. 2. 117-126 (2024). [in Kazakh].
5. Tleubai T. Cifryk zholajryk: Kazakstan gazetterinin bugini men erten. [Digital travel guide: the present and tomorrow of Kazakhstan newspapers]. (Almaty, 2022, 204 p.) [in Kazakh].
6. Alash_news – instagram parakshasynda «Bizdin symbatty krash Prezident»: Tokaevtyn 20 stilisti bar eken». [Alash_news-instagram «Our handsome crash President»: Tokayev has 20 stylists». Available at: https://www.instagram.com/reel/DDyoHlvt7n_/?igsh=NDh2ZjlkaWd0amJv(Accessed: 06.11.2024). [in Kazakh].
7. Agylshynsha-kazaksha, kazaksha-agylshynsha sozdik. [English-Kazakh, Kazakh-English dictionary]. (Almaty, 2008, 434 p.) [in Kazakh, English].
8. Alshabayeva A. B.Kazirgi koldanystagy agylshyn tilinen engen terminder sipaty.[The nature of terms borrowed from modern English]. Available at: <https://termincom.kz/articles/?id=161> (Accessed: 20.10.2024). [in Kazakh].
9. Doszhan G. Kirme soz maselelerin zertteudegi integrativteu tasilder. [Integrative approaches to the study of introductory word problems]. // L.N. Gumilev atyndagy EUU HABARShYSY. Filologijaserijasy. [Bulletin of L. N. Gumilyov. Philological series]. 4. 108-118(2019). [in Kazakh].
10. Bylieva D., Nordmann A. Technology, Innovation and Creativity in the Digital Society. XXI Professional Culture of the Specialist of the Future. (Springer, 2017, 1003 p.) [in English].
11. Bainbridge Jason, Gok Nikolai, Tynan Liz. Media zhane zhurnalistika: teoriya men praktikaga zhana kozkaras. [Media and Journalism: a new perspective on theory and practice. National Translation Agency Public Foundation]. (Almaty, 2019, 592 p). [in Kazakh].
12. Zheng T., Guo Y., Hong R. Cascade Large Language Model via In-Context Learning for Depression Detection on Chinese Social Media // Lecture Notes in Computer Science (including subseries Lecture Notes in Artificial Intelligence and Lecture Notes in Bioinformatics). Available at: URL: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85209590122&origin=resultslist&sort=plf-f&src=s&sot=b&sdt=b&s=TITLE-ABS-KEY%28Language+in+modern+social+networks%29&sessionSearchId=96ee487ea35f52c46e5df5b3d1d4b2a6&relpos=1> (Accessed: 20.10.2024). [in English].
13. Kurmanbayuly Sh., Zhakupov J., Meshkova T., Zhubaeva B., Suyerkul B., KozhabekN., Almenbet A. SÖZTYZER (Kate koldanystar sozdigi). [WORD-FORMATOR (dictionary of misuse)]. (Astana, 2022, 406 p). [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет:

Кушкинбаева К.Т. – «8D03204 – Журналистика» білім беру бағдарламасының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Ақсейіт Ғ.М. – филология ғылымдарының кандидаты, Баспасөз және баспа ісі кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Шурентаев А.М. – хат-хабар авторы, «Баспасөз және баспа ісі» кафедрасының меңгерушісі, PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Кушкинбаева К.Т. – докторант образовательной программы «8D03204 – Журналистика», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Ақсейіт Ғ.М. – кандидат филологических наук, доцент кафедры «Печати и издательского дела» Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Шурентаев А.М. – автор для корреспонденции, заведующий кафедрой «Печати и издательского дела» Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, PhD, Астана, Казахстан.

Kushkinbaeva K.T. – Doctoral student of the educational program «8D03204 – Journalism» of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Akseit G.M. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the Department of Printing and Publishing at the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Shurentaev A.M. – corresponding author, PhD, Head of the Department of Printing and Publishing at the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).